

Құрметті Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің ұжымы!

Сіздерді Университеттің жарқын да қуанышты 80 жылдық мерейтойымен Рудный индустриялық институты ұжымының және жеке өз атынан шын жүректен құттықтаймын!

Сексен жыл уақыт ішінде университет еліміздегі көпбейінді ірі жоғары оку орындарының қатарынан беделді орынға ие болды. Университет өз даму жолында тек жоғары білім ошағы ғана емес, сондай-ақ солтүстік өңірдің білім мен ғылым, мәдени және зияткерлік орталығы болып танылды.

Университеттің мамандар даярлау саласындағы қызметінің жемісі ұшаңтеніз. Қоғамның әр саласының тасын өрге домалатып, әлеуметтік-экономикалық, гуманitarлық, жаратылыстану, ауыл шаруашылығы және техникалық ғылымдарының мындаған мамандарын даярлап, ел Үкіметінің салааралық бағдарламаларын орындауды білікті кадрлармен қамтамасыз етудің қас шеберіне айналды. Университет тұлектері бүгіндері белгілі тұлғаларға айналып, қоғамның түрлі салаларында көзге көрінуде.

Еңбеккүмарлық, нақтылық пен тапқырлық сияқты құндылықтар Университет ұжымының құнделікті қызметінде көрініс тауып, соның арқасында Университет сапалы білім беріп, жылдан-жылға мол жетістіктерге жетуде. Әсіресе, әлемдік дағдарыс дүниежүзілік экономиканы есенгіретіп жатқанда, еліміздің еңбек нарығын бәсекеге қабілетті жоғары білікті кадрлармен қамтамасыз ету және оның алдағы уақыттағы мызғымас сенімді қорын қалыптастыру міндетін Университет бүгінгі таңда табысты орындаған отыр.

Солтүстік Қазақстан өнірінің жастарына білім беріп, көкірегіне саңылау ұялатқан университеттің жолы ашық, бағыты айқын, болашағы жарқын болмақ.


Осы жарқын да мерейлі мерекеде Университет ұжымына зор денсаулық, шығармашылық шабыт, отандық жоғары білім мен ғылымның данқын асырудағы игі істеріне мол табыс тілеймін!

Ізгі ниетпен,
Рудный индустриялық
институтының ректоры



А. Найзабеков

A. Naisabekov





80 жыл